

Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жай беру туралы

Күші жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 218 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 8847 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 100 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 13.07.2021 № 100 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 28-бабы 4-тармағына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай осы қаулының қосымшасына сәйкес берілсін.

2. Қарасу ауданы әкімдігінің "Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай беру туралы" 2015 жылғы 5 тамыздағы № 192 қаулысының (2015 жылғы 23 қыркүйекте "Қарасу өңірі" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5880 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қарасу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу ауданының әкімі

В. Ионенко

Әкімдіктің
2019 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 218 қаулысына
қосымша

Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар

№	Елді мекеннің атауы	Сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар
---	---------------------	--

1	Айдарлы ауылы	Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Айдарлы орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
2	Жалғызхан ауылы	Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Жалғызхан орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
3	Жамбыл ауылы	Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Жамбыл негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
4	Комсомольское ауылы	Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Ильич орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
5	Қарамырза ауылы	Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Қарамырза орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
6	Қарасу ауылы	"Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің Қарасу аудандық балалар өнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимаратында
7	Қойбағар ауылы	Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Станция орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
8	Ленино ауылы	Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Ленин орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
9	Люблинка ауылы	Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Люблин орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
10	Новопавловка ауылы	Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Ключевой орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
11	Октябрьское ауылы	"Қарасу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қарасу орталықтандырылған кітапханалық жүйесі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
12	Ушаково ауылы	Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Ушаков негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
13	Шалғышы ауылы	Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Шолақаша орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратында